




# *Тәрбие сағаты*

*Тақырыбы:*

*Отбасы – тіршіліктің  
тірегі.*

*Мақсаты: Ата-анадан адамгершілік, әдеп-инабат тағылымын алуға, жақсы қасиеттерді бойына сіңіру*





**Әке –білек, саусағы балалары,  
Қан тамырмен жалғасқан  
аралары.**

**Ана- тамыр, бойымен бәріне де  
Тіршіліктің жылуы таралады.**

**Фариза Оңғарсынова**



**Балаға сіңірген ата-ана  
еңбегін бала өмір бойы ақтап  
бола алмайды. Балаға деген  
махаббатқа ешбір махаббат  
теңдесе алмайды, ол өле-  
өлгенше сусындайтын  
махаббат.**

**Ғабиден Мұстафин**





***Отбасы –  
Отанымыздың ошағы.  
Отбасында адам  
бойындағы асыл  
қасиеттер жарқырай  
көрініп, қалыптасады.  
Отанға деген ыстық  
сезім - жақындарына,  
туған -  
туысқандарына деген  
сүйіспеншіліктен  
басталады.***





**Отбасы – адамзат бесігін  
тербеткен баланың бас ұстазы  
ата-ана.**

**Ұяда не көрсең ұшқанда соны  
ілерсің!**






"Отан отбасынан басталады"  
деп жатамыз. Жанұяның  
береке-бірлігі әр сәбидің, әр  
баланың болашақ қадамы.  
Өйткені, ұяда не көрсең,  
ұшқанда соны ілесің. Отбасы –  
ол да бір шағын ғана мемлекет.  
Отбасы тіршілігінің ежелден  
қалыптасқан заңы бойынша,  
оны отағасы, ол болмаса,  
отанасы, одан қалса, үлкен аға  
не әпке басқарады, олардың  
сөзін, ұйғарымын өзгелерді  
жерде қалдырмайды



*Отбасында ананың сүтімен нәрленіп,  
ананың әлдиімен үілдеген бала әкенің  
рухымен қуат алуы тиіс*





**Ата-ананың жүрегі  
“Бала” деп қана  
соғады  
Баласы жақсы  
адамның  
Басына бақыт қонады.**

